ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 14 қараша іс №1912-24-00-2/1782 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ш.Н.Ргебек
сот отырысының хатшысы А. Қойтан ала отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қарасай клиникалық көп бейінді орталық аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Карбек Қанағат Бақытұлы ұсынған «ККВ» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбыөндірүлі туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Жакенова А.Б.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 20 мамырда "Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қарасай клиникалық көп бейінді орталық аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны(бұдан әрі –Тапсырыс беруші, Талапкер) мен Карбек Қанағат Бақытұлы ұсынған «ККВ» жеке кәсіпкер(бұдан әрі –Жеткізуші, Жауапкер) арасында № 334 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) жасалды, оған сәйкес өнім беруші: Медициналық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер жалпы сомасы 1 720 000.00 теңге болатын.

Құжатқа қол қойылған: Ргебек Ш. Н., 01.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 05.01.2026, судья Галымов Д. М., 19.01.2026
1912-25-3-1/1916

Шарттың талаптары бойынша тауарды жеткізу мерзімі тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күнді құрайды. Бірақ белгіленген мерзімде тауарды жеткізу де жүзеге аспады.

2025 жылғы 27 маусымда Талапкеринтернет порталы арқылы 11 шілдеге 2025 жылы жұмыс орнату туралы ескерту туралы хабарлама жіберді.

2025 жылғы 17 маусымда Жеткізушіге https://v3bl.goszakup.gov.kz/ порталы арқылы шартты бұзу туралы сотқа дейінгі шағым жіберілді.

2025 жылғы 17 шілдеде Тапсырыс беруші Шартты және Қосымша келісімді мынадай негіз бойынша бұзды: Заңның 18-бабы 4-тармағының 2) тармақшасында көзделген шектеулерді бұзу (өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда).

Жауапкерден есептелген тұрақсыздық айыбы 61920(алпыс бір мын тоғыз жүз жиырма) теңге өндіруді құрайды.

Осыған байланысты талап қоюшының тарапынан осы талап қою сотқа жүгінген.

Сот отырысы жауапкердің қатысуысыз өткізілді АПКнің 196 бабы 4 тармағына сай.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процесстік кодексінің /АПК/ 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі – өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізімі.

Тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай жауапкер өзіне алған міндеттерің толығымен орындамаған. Осы себебте екі тараптардың арасында жасалған шарт талап қоюшының тарапынан бір жақты бұзылды.

Сондай-ақ, Шарттың 7.2-тармағына сәйкес Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін

Құжатқа қол қойылған: Ртебек Ш. Н., 01.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 05.01.2026, судья Галымов Д. М., 19.01.2026
1912-25-3-1/1916

шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының(өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындау кәжет болғанына байланысты, жұмыстың орындамағаның ескере отырып, шартта көрсетілген 41 күнге тұрақсыздық айыбын төлемегенің ескере отырып, талап қою қанағаттандыруға жататын деп санайды.

АПК-нің 117 -бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіруге жатады, себебі талап қою қаңағаттандырылды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы БСН 100340000118"Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қарасай клиникалық көп бейінді орталық аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорныжауапкер ЖСН 980310300246Карбек Қанағат Бақытұлы ұсынған «ККВ» жеке кәсіпкерқатысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Карбек Қанағат Бақытұлы ұсынған «ККВ» жеке кәсіпкермемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Карбек Қанағат Бақытұлы ұсынған «ККВ» жеке кәсіпкердің атынан жергілікті бюджетке 61 920 (алпыс бір мын тоғыз жүз жиырма) теңгетұрақсыздық айыбы және 3824 (үш мың сегіз жұз жиырма төрт) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Ртебек Ш. Н., 01.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 05.01.2026, судья Галымов Д. М., 19.01.2026
1912-25-3-1/1916

Судья **Ш.Н.Ргебек**

Құжатқа қол қойылған: Ргебек Ш. Н., 01.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 05.01.2026, судья Галымов Д. М., 19.01.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»